

**Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2022 жылғы 12 қазандағы № 14-6 "Батыс Қазақстан облысы бойынша жануарларды аулаудың, уақытша ұстаудың және жансыздандырудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2026 жылғы 6 сәуірдегі № 24-8 шешімі

Батыс Қазақстан облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2022 жылғы 12 қазандағы № 14-6 "Батыс Қазақстан облысы бойынша жануарларды аулаудың, уақытша ұстаудың және жансыздандырудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Жануарларды аулаудың, уақытша ұстаудың және жансыздандырудың қағидаларында:

1-тараудың 1-тармағы келесі редакцияда жазылсын:

"1. Осы жануарларды аулаудың, уақытша ұстаудың және жансыздандырудың Қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының "Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 2) тармақшасына (бұдан әрі – Заң), Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 18 мамырдағы № 162 "Жануарларды аулаудың, уақытша ұстаудың және жансыздандырудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28125 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес әзірленді және Батыс Қазақстан облысы бойынша жануарларды аулаудың, уақытша ұстаудың және жансыздандырудың (иттер мен мысықтарды) тәртібін белгілейді.";

жануарларды аулаудың, уақытша ұстаудың және жансыздандырудың қағидаларына қосымша осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Мәслихат төрағасы*

*М. Мұқаев*

Батыс Қазақстан облыстық  
мәслихатының 2026 жылғы  
6 сәуірдегі № 24-8 шешіміне  
қосымша

Жануарларды аулаудың,  
уақытша ұстаудың және  
жансыздандырудың  
қағидаларына қосымша

Нысан

**Жануарларды аулаудың, уақытша ұстаудың және жансыздандыру қызметі қызметкерінің куәлігі**

Қағазда жасалған және қорғаныс пленкасына салынған куәліктің мөлшері 54x85 миллиметр болады.

Жануарларды аулаудың, уақытша ұстаудың және жансыздандыру қызметі қызметкерінің куәлігі (1)
Ұйым атауы (2)
№ _____ (3)
QR-код (4)
Фотосурет (5)
Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (6)
Берілген күні: _____ жыл (7)
Әрекет ету мерзімі _____ жылға дейін (8)
Осы құжаттың түпнұсқалығын деректер базасы арқылы тексере аласыз (9)

1-жол - "Жануарларды аулаудың, уақытша ұстаудың және жансыздандыру қызметі қызметкерінің куәлігі" құжатының атауы көрсетіледі;

2-жол - жануарларды аулаудың, уақытша ұстаудың және жансыздандыру қызметінің қызметкері жұмыс істейтін ұйымның атауы көрсетіледі;

3-жол - деректер базасында жинақталатын және қалыптастырылатын куәліктің бірегей сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

4-жол - мөлшері 30x30 сантиметр деректер базасында автоматты түрде туындалатын QR-код түріндегі куәліктің бірегей сәйкестендіру нөміріне арналған орын ;

5-жол - жануарларды аулаудың, уақытша ұстаудың және жансыздандыру қызметі қызметкерінің өлшемі 3x4 сантиметр фотосуретіне арналған орын;

6-жол - жануарларды аулаудың, уақытша ұстаудың және жансыздандыру қызметі қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетіледі;

7-жол - күні, айы, жылы форматы бойынша куәліктің берілген күні көрсетіледі;

8-жол - күні, айы, жылы форматы бойынша куәліктің қолданылу мерзімі көрсетіледі ;

9-жол - "Осы құжаттың түпнұсқалығын деректер базасы арқылы тексере аласыз" деген жазу көрсетіледі.